

Түркістан облысының білім
сапасында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г.Алматовқа
Келес ауданы, «Бал - Мерей»
бөбекжай – балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінен

Кемшіліктердің жойылғаны туралы есебі

Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2025 жылғы 07 қарашадағы №1632 бұйрығымен бекітілген 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2026 жылғы 12 қаңтар күнгі №19 бұйрығы негізінде 13-19 қаңтар күндері аралығында Түркістан облысы, Келес ауданында орналасқан «Бал- Мерей» бөбекжай – балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Нәтижесінде, мемлекеттік аттестаттау шарасын жүргізген комиссия құрамымен балабақшаның білім беру қызметінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын орындауда бұзушылықтар бар екендігі анықталған. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыс жүргізілді.

Анықталған кемшіліктер бойынша жүргізілген жұмыстар:

Бөбекжай - балабақша тарапынан төменде көрсетілген кемшіліктерді түзету және ресми сайтқа орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілді.Нәтижесінде:

1.2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылындағы қазақ тілі пәніне арналған апталық циклограммасы күнтізбелік-тақырыптық жоспары деп жазылып, бекітілген, күні мен ай аттары көрсетілмеген. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында дене шынықтыру пәніне арналған перспективалық жоспар, күнтізбелік тақырыптық жоспар болып, бекітілген. Аталған жылдарға арналған апталық циклограмма жазылмаған. Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары музыка жетекшісінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары деп бекітілген және ай аттары жоспарға жазылып көрсетілмеген. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарау, 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес келмейді.)

Қазақ тілі пәні мұғалімінің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының қазақ тілі пәнінің апталық циклограмасының атауында

жіберілген қателік түзетіліп, күні мен ай аттары көрсетіліп, толықтырылды. Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына перспективалық жоспарында жіберілген кемшілік түзетілді және дене тәрбиесі пәні мұғалімінің апталық циклограммалары балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді. Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарының атауында жіберілген қателік түзетіліп, ай аттары, күндері жоспарға жазылып көрсетілді.Толықтырылған құжаттар балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

2) Балабақшада педагог-сарапшы – 3, педагог-модератор – 18, педагог санатында – 10. ҰББДҚ-нан алынған ақпаратқа сәйкес 5 педагог (Г.Серикбаева, Г.Жакипова, А.Ертаева, Г.Жотабаева, Т.Карибаева) мерзімінде біліктілік санатын көтергендігі туралы енгізілмеген. (Үлгілік қағидалардың 24-тармағына сәйкес келмейді.)

Балабақшаның педагогтары Г.Серикбаева - педагог санатында, Г.Жакипова – педагог санатында, А.Ертаева – педагог санатында, Г.Жотабаева, педагог санатында екені туралы мәлімет балабақшаның ҰББДҚ-на енгізіліп, толықтырылды. Қазіргі уақытта тәрбиеші Т.Карибаева өз еркімен өтініші бойынша 02.02.2026ж. №13 бұйрықпен тәрбиешілік жұмыстан босатылып, басқа жұмысқа ауысып кеткенін мәлімдейміз.
Кемшіліктің жойылғаны туралы мәлімет балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

3)2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналарға арналған консультациялық пункт жоспары бар. Консультациялық пунктке қамтылған балалар тізімі жоқ. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына арналған консультациялық пункт жоспарлары ұсынылмады. (Үлгілік қағидалардың 27- тармағына сәйкес келмейді.)

Балабақшаның 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған консультациялық пункт жоспарлары және Консультациялық пунктке қамтылған балалар тізімі толықтырылып, балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

4) «Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылады» талабы бойынша балабақшада аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балалардың жоқ екендігі жөнінде анықтама жүктелмеген. (Үлгілік қағидалардың 28-тармағына сәйкес келмейді.)

Бөбекжай – балабақшада «Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі

ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылады» талабы бойынша балабақшада аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балалардың жоқ екендігі жөнінде анықтама балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

5)2025-2026 оқу жылы «Балбөбек» ортаңғы тобының бақылау парақтарына баланың тізімі жазылмаған. 2025-2026 оқу жылы «Алтын сақа»,«Балапан», «Қарлығаш», «Қызғалдақ», топтарының бақылау парақтарында баланың аты-жөні, тізімі жазылмаған. 2023-2024 оқу жылында «Айжұлдыз» тобының бақылау парағындағы есептік көрсеткіш пайыздары барлық дағды бойынша бірдей болып жазылған. Әдіскер жиынтық есебінің қорытынды пайызы шығарылмаған. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келмейді.)

Бөбекжай – балабақшаның 2025-2026 оқу жылы «Балбөбек» ортаңғы тобының бақылау парақтарына баланың тізімі жазылып толықтырылды. 2025-2026 оқу жылы «Алтын сақа»,«Балапан», «Қарлығаш», «Қызғалдақ», топтарының бақылау парақтарында баланың аты-жөні, тізімі жазылып толықтырылды. 2023-2024 оқу жылында «Айжұлдыз» тобының бақылау парағындағы есептік көрсеткіш пайыздары барлық дағды бойынша қайта есептелініп, кемшілік түзетілді. Әдіскердің жиынтық есебінің қорытынды пайызы шығарылды.Түзетілген, толықтырылған құжаттар балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

6)Балабақшаның 2023-2024 оқу жылында 12 топта 290 балаға бастапқы кезеңге даму мониторингісі жүргізілген. Балабақшаның бастапқы кезеңге жүргізілген мониторингісі қыркүйек айында жүргізілген. Нәтижесінде, әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы жазылмаған. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылында 12 топта 290 балаға бастапқы кезеңге даму мониторингісі жүргізілген. Балабақшаның бастапқы кезеңге жүргізілген мониторингісі қыркүйек айында жүргізілген. Нәтижесінде, әдіскердің жиынтық кестесі жасалынған, алайда қорытынды пайызы жазылмаған. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылында 12 топта 290 балаға бастапқы кезеңге даму мониторингісі жүргізілген. Балабақшаның бастапқы кезеңге жүргізілген мониторингісі қыркүйек айында жүргізілген. Нәтижесінде, әдіскердің жиынтық кестесі жасалынған, алайда қорытынды пайызы шығарылмаған. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау, 20-тармағына сәйкес келмейді.)

Бөбекжай – балабақшаның 2023-2024 оқу жылында бастапқы кезеңнің даму мониторингісінің әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы жасалынды. 2024-2025 оқу жылында бастапқы кезеңнің даму мониторингісінің әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы

жасалынды. 2025-2026 оқу жылында бастапқы кезеңнің даму мониторингісінің әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы жасалынды. Әдіскердің толықтырылған құжаттары балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

7)Балабақшаның 2023-2024 оқу жылында 12 топта 290 балаға қорытынды кезеңге даму мониторингісі жүргізілген. Балабақшаның қорытынды кезеңге жүргізілген мониторингісі мамыр айында жүргізілген. Нәтижесінде, әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы жазылмаған. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылында 12 топта 290 балаға қорытынды кезеңге даму мониторингісі жүргізілген. Балабақшаның қорытынды кезеңге жүргізілген мониторингісі мамыр айында жүргізілген. Нәтижесінде, әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы жазылмаған. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 21-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» 6, 7 – тарауда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді.)

Бөбекжай – балабақшаның 2023-2024 оқу жылында қорытынды кезеңнің даму мониторингісінің әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы жасалынды. 2024-2025 оқу жылында қорытынды кезеңнің даму мониторингісінің әдіскердің жиынтық кестесіндегі қорытынды пайызы жасалынды. Әдіскердің толықтырылған құжаттары балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

8) ҰББДҚ ақпаратына сәйкес 2025-2026 оқу жылында кіші «Қызғалдақ» тобында 2021 жылғы 1 тәрбиеленуші, 2022 жылғы 7 тәрбиеленуші тіркелген. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 1-тарау, 7-тармағына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 4-тарауының 25-тармағына сәйкес келмейді.)

Бөбекжай – балабақшаның 2025-2026 оқу жылы тәрбиеленушілерді жас ерекшелігіне қарай топтастыруда «Қызғалдақ» тобы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 1-тарау, 7-тармағына сәйкес 3 жастағы балалар ортаңғы топ болып топтастырылды, сондықтан ортаңғы «Қызғалдақ» тобындағы 2022 жылғы 7 тәрбиеленушінің жас ерекшелігі 3 жасар ортаңғы топқа сәйкес келеді. Ортаңғы «Қызғалдақ» тобындағы жас ерекшелігі сәйкес келмейді деп көрсетілген 2021 жылғы тәрбиеленуші Құдияр Ахмет қазіргі уақытта ата-ана өтініші бойынша, балабақшадан шығып кеткенін мәлімдейміз. Тәрбиеленушінің балабақшадан шығып кеткені туралы бұйрық, ҰББДҚ- дан

алынған контигент тізімі балабақшаның https://bal-merei.bb-edu.kz/ ресми сайтына жүктелді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер жойылғандығын мәлімдей отырып, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 59-бабы 8-11 тармағына сәйкес Түркістан облысы, Келес ауданында орналасқан «Бал - Мерей» бөбекжай - балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» талаптарына сәйкестігіне қайта қорытынды беруді сұраймын.

Меңгеруші: Э.А.Исмаилова